

УДК 57

## ДАЛА СУЫРЛАРЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫСЫМ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ТАРАЛУЫ

Айдарханова Акнур Бауыржанқызы

aknur.bauyrzhankyzy@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ биология мамандығының 2 курс студенті, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Ж.Талдықбаев

Біздің елімізде табиғат байлықтарының бірі - жануарлар дүниесі. Қазақстан территориясының ормандары мен кең-байтақ жазық даласында, өзен мен көлдерінде құнды тері, дәмді тамақ, дәрі-дәрмектік шикізат беретін жан-жануарлардың көптеген түрлері тіршілік етеді. Осы жануарлардан алынған өнім халыққа кесе киім, ішсе тамақ болады. Сол жануарлардың бірі - суырлар. Суырлардың кәсіптік маңызынан басқа да ғылыми тұрғыдан үлкен мәні бар.

Суырлар (лат.*Marmota*) – кемірушілер отрядының, тиінтәрізділер тұқымдасына жататын сүтқоректі жануар. Қазақстанның орманды даласында, шөлді жерлері мен таулы аймақтарында суырлардың 4 түрі кездеседі: дала суыры (*Marmota bobak*), сұр суыр (*Marmota baibacina*), ұзынкұйрық суыр (*Marmota caudata*) және Мензбир суыры (*Marmota menzbieri*) [1].

Көптеген ғалымдар суырларды таулы жазықтарда таралғандығы туралы мәліметтер береді. Себебі бұл кемірушілердің басым келетін түрлері таулы аймақтарда кездеседі. Палеогеография деректеріне назар аударсақ таулы аудандарда даланың қалыптасуы дерегі жазықтармен салыстырғанда жылдам жүрген. Суырлар тобының пайда болуына тек таулы аудандарда ғана қажетті жағдайлар болған. Осы жануарлардың жалпы барлық түрлері өсімдіктердің жасыл бөліктерімен қоректенеді [2].

Табиғат байлығын қорғап, қамқорлыққа алу, тиімді пайдалану - бүгінгі ғылыми-техникалық прогресс, біздің дамыған заманымыздағы өзекті мәселелердің бірі. Алайда, қазіргі уақытта аң аулау кәсібі пайда болып, үлкен мемлекеттік маңызы бар, ірі шаруашылық салаларының біріне айналып отыр. Дегенмен, табиғат байлықтарын тиімді пайдалануды жүйелі қолға алып, мақсатының негізгі ретінде - терісі бағалы аңдардың және басқа да

кәсіптік маңызы бар хайуанаттардың санын көбейте отырып, оларды тиімді пайдаланып, халықты қымбат бағалы аң терілерімен, дәмді етпен және басқа да өнімдерімен қамтамасыз ету керек. Сондай кәсіптік маңызы өте зор жануарлардың бірі – дала суыры. Дала суырының кәсіптік маңызы жоғары және тиімді болғандықтан, олардың бағалы терісінен бас киім, сырт киім тігіліп, тіпті халық медицинасында суыр майы әр түрлі ауруларға ем ретінде пайдаланылады. Сондықтан кәсіптік аулау барысында суырларды көп аулайды, ал ол суырлардың табиғатта кең таралуына экологиялық прессинг жағдайын тудырады. Тіпті жазықта тіршілік ететін бұл жануар түрлері жойылып кету қаупін тудырады. Суырлардың шаруашылықтағы маңызын басқа эпидемиологиялық маңызы да өте зор, соңғы жылдары бұл кемірушілер кейбір аурулардың табиғи ошақтары болып келетіндігі анықталған, олардың ішінде ең бірінші оба ауруын ескере кеткен жөн. Бұл ауру өткен ғасырларда мыңдаған адамның өліміне әкеліп соққан [3,4,5].

Суырларды зерттеудің практикалық қызығушылығымен қатар жалпы биологиялық маңызы бар, өйткені бұл жануарлардың тобында морфологиялық және экологиялық прессингті зерттеулерді жүргізген ыңғайлы. Суырларды зерттеуде, қысқы ұйқыға кетуі, популяцияның құрылымы мен ұйымдастырылуын, санының динамикасын зерттеуде бағалы модель ретінде қолданылады. Суырларды жеткілікті зерттеу көптеген мәліметтерді қажет етеді. Көптеген ғылыми жұмыстар жеке мәселелерді зерттеуге бағытталған, биологияның күрделі мәселелерін шешуге, жануарлардың нақты географиялық түрлеріне арналған. Алайда көптеген адамдар оның биологиялық ерекшеліктері мен экологиясын біле бермейді. Сондықтан да бұл жануардың пайдалы жақтарын қарастыру керек және қорын көбейту, экологиялық прессинг жағдайларына арналған шараларды кең қолданып, санын жоғарылату қажет.

Біздің зерттеу жұмысымыз Шығыс Қазақстан облысының Жарма, Тарбағатай аудандарында жүргізілді. Зерттеу объектісі ретінде суырдың түрі – дала суыры (*Marmota bobak*) алынды. Бұл түр осы аймақта кеңінен тараған (сурет 1). Зерттеудің міндеттері болып: дала суырларының санын, популяцияның орналасу тығыздығын экологиялық прессинг жағдайында зерттеу. Сондай-ақ дала суырларының таралуы мен кәсіптік маңызын талдау болды. Зерттеудің негізгі әдісі белсенділігі жоғары болатын сәуір – тамыз айлары аралығында суырлардың жанұяларын бақылау болып табылады. Бақылау кезінде маркасы «Беркут» 7x35 болып табылатын дүрбіні пайдаландық, ал оларды мінез-құлқын, жанұялардың іс-әрекеттерін бекіту үшін фотоаппаратты қолдандық. территорияда орналасуын зерттеуде сол жердің картасын пайдаландық, онда біз суырлар жанұясының орналасу орындарын белгілеп және санын жазып отырдық.



Сурет 1. Дала суырларының таралуы

Шығыс Қазақстан облысының Тарбағатай ауданы дала суырдың популяциясының

көп мөлшері кездесетін ауданы болып табылды. Аудан территориясында дала суырлары біркелкі таралмаған. Суырлардың таралуы мен орналасу тығыздығы табиғи ландшафтарда таралған. Бұл жануарларға ең ұнамды жері ойлы-қырлы тау аймақтары болып табылатындығы анықталды. Жалпы суырлардың тұрақтарын зерттеуге аэрофотосуреттер өткен ғасырдың екінші жартысында қолданыла басталғандығы туралы айта кеткен жөн. Бірақ бұл жұмыстар түрлі себептерге байланысты жалғасын таппай, тоқтап қалды. ХХІ ғасырдың басында Ресей ғалымдары суырлардың тұрақтарын зерттеуге космостық суреттерді пайдаланған.[6]. Ашық дала және шалғынды ландшафтта мекендеу барлық суырлар түрлерінің тән бейімделуін байқадық. Көптеген бейімделу ерекшелігі суырлардың терең індерде тіршілік етуіне байланысты болады. Індерді суырлардың бірнеше ұрпағы қазуы мүмкін, олар мұнда өмірінің ұзақ уақытын әсіресе, тобымен өткізетін қысқы ұйқыны өткізеді.

Суырлар алқапта біркелкі тарамған, жанұялардың ара қашықтығы айтарлықтай көп болады, тіпті суырлар жеке жайылғанда да бір-бірінен алыс жүреді. Таулы аймақты зерттеуде таудың оңтүстік және солтүстік беткейлерін таңдап алдық, және де әр жағын шартты түрде үш биіктік деңгейлерге бөлдік (кесте 1).. Бірінші қабаты теңіз деңгейінен 0-400 м биіктікте, екінші қабаты 400-800 м, ал үшінші қабаты 800-1200 м биіктікке тең. Оңтүстік және солтүстік беткейдегі әр деңгейдің ауданы 3 км<sup>2</sup>-қа тең. Солтүстік және оңтүстік беткейдегі суырлардың қысқы ұйқыдан кейінгі жер бетіне шығууақыттарын анықтау мақсатында наурыз-сәуір айларында зерттеу жүргіздік.

Кесте 1 - Суырлардың орналасуын зерттеу бойынша нәтижелер

Көрсеткіштер	Оңтүстік беткей		Солтүстік беткей	
	аудан, км <sup>2</sup>	n	аудан, км <sup>2</sup>	n
Даралар саны	-	955	-	496
Жанұялардың саны	-	105	-	74
Соның ішінде: I (0-400 м)	3	58	3	41
II (400-800 м)	3	28	3	19
III (800-1200 м)	3	19	3	14

Суырлардың бөлек географиялық популяцияларындағы айырмашылық кейбір жағдайда түр аралық айырмашылықтардан да көп болып кетеді. Сондықтан бұл кемірушілердің түрлерін анықтағанда мекен ету ортасы басты белгі ретінде қарастырылмайды.

Зерттеудің нәтижесінде жазғы уақыттағы биіктік деңгейлер мен беткейлерді есептей келе оңтүстік және солтүстік беткейдегі суырлардың жалпы саны анықталды. Осылайша, біз оңтүстік беткейден жалпы барлық жас пен жынысты алғанда 955 дара санап алдық. Ал солтүстік беткейде сәйкесінше 496 дараны анықтадық. Оңтүстік беткейдегі жалпы жанұя саны 105-ке тең, ал солтүстік беткейде 74 жанұя бекітілген. Соның ішінде оңтүстік беткейдің бірінші биіктік деңгейінде (0-400м) 58 жанұя, екіншісінде (400-800м) 28 жанұя және үшінші биіктік деңгейде (800-1200м) жанұя саны 19-ға тең болды. Ал солтүстік беткейде ауданы 3 км<sup>2</sup> болатын бірінші биіктік деңгейінде 41, екінші биіктік деңгейінде 19 және үшінші биіктік деңгейінде жанұя саны 14 кұрайды. Алынған санақ мәліметтер бойынша оңтүстік және солтүстік беткейдегі жанұялар мен даралар саны айтарлықтай ауытқитынын байқауға болады.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Бибиқов Д.И. Сурки Средней Азии и Казахстана. М., Наука. 1985 г.
2. Кучин А.П. Редкие животные Алтая. Новосибирск, 1991. С. 38-41.
3. Антипин В.М. Экология, происхождение и расселение сурков Казахстана. Труды ин-та зоол. АН КазССР, 1967 г.

4. Колесников В.В., Брандлер О.В., Бадмаев Б.Б., Адъяа Я. Оценка современного состояния ресурсов сурков (*Marmota*, *Sciuridae*, *Rodentia*) в Монголии // Бюл. Моск. о-ва испытателей природы. Отд. биол. 2010. Т. 115, вып. 5.

5. Kolesnikov V.V. Some Peculiarities of Steppe Marmot Survival Rate // Adaptive Strategies and Diversity in Marmots. International Marmot Network Montreux, Lyon, 2003. P.169-171

6. Б. Исахаев, С.С. Рашитов, С.Н. Нарбаев Суырлардың таралу аймақтарын, орналасу тығыздығын, санын космостық суреттер арқылы анықтау // С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің хабаршысы, ғылыми журнал. -2016.-№1 (88). С.57-61.